

**«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы
Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар»,
«Ветеринария» даярлау бағыттары бойынша Оқу-әдістемелік бірлестігі – Жобаларды
басқару тобы отырысының
№ 2 хаттамасы**

Алматы қ. Офлайн/онлайн режимде

5 ақпан 2026жыл

Модератор: Ибрагимов П.Ш., РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары, Басқарма Төрағасы – Рectorдың Бірінші орынбасары, в.ғ.д., профессор

КҮН ТӘРТІБІ

1. РОӘК «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша ОӘБ-ЖБТ 2025 – 2026 оқу жылы құрамына өзгерістер енгізу туралы
2. Еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру және үздіксіз білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша ұсынымдарды талқылау.
3. Оқытудағы инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу бойынша ұсынымдар.
4. РОӘК ОӘБ грифін алуға оқулықтар мен оқу құралдарын ұсыну туралы

ТЫҢДАЛДЫ:

Мәжіліс отырысын РОӘК ОӘБ ЖБТ төрағасының орынбасары **П. Ибрагимов** ашты.

Құрметті әріптестер, республикалық оқу-әдістемелік кеңестің мүшелері!

Сіздерді қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» кадрлар даярлау бағыттары бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің екінші отырысында қарсы алуға рұқсат етіңіздер.

Бүгінгі кездесу ерекше маңызға ие, өйткені күн тәртібіне шығарылған мәселелер оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді дамытуға, білім беру бағдарламаларының сапасын арттыруға және агроөнеркәсіптік кешені мен ветеринария саласында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға тікелей байланысты.

1. «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК ОӘБ-ЖБТ 2025 – 2026 оқу жылы құрамына өзгерістер енгізу туралы

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша: 2025-2026 оқу жылына арналған «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» және «Ветеринария» кадрларын даярлау бағыттары бойынша Оқу әдістемелік бірлестігі Жобаларды басқару тобы құрамына өзгерістер енгізу туралы – келесі өзгертулерді енгізуді қарастыру ұсынылады:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің әкімшілік құрылымындағы кадрлық өзгерістерге байланысты Оқу әдістемелік бірлестігі Жобаларды басқару тобы құрамына академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Бақтымбет Сәуле Серікқызын қосу ұсынылды. Сәуле Серікқызының басқарушылық және академиялық тәжірибесі оқу-әдістемелік бірлестік жұмысының тиімділігін арттыруға ықпалын тигізеді.

Сондай-ақ, Алпысбаева Гүлмира Егізбайқызының лауазымдық нұсқаулықтарына атқарып отырған лауазымына сәйкес өзгертулер енгізу ұсынылады, бұл Оқу әдістемелік бірлестігі Жобаларды басқару тобы кадрлық құрамының өзектілігі мен дұрыстығын қамтамасыз етеді.

Оқу-әдістемелік жұмысты күшейту және мамандандырылған сараптаманы кеңейту мақсатында Оқу әдістемелік бірлестігі Жобаларды басқару тобы құрамының «Агроинженерия» секциясына ауыл шаруашылығы бағытында мамандандырылған педагог Скабаева Гүлмира Несипбаевнаны және «Балық шаруашылығы» секциясына Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінен келіп түскен ұсыныс негізінде Нургалиева Айман Каллидуллаевнаны қосу бойынша өзгеріс енгізу ұсынылады.

Аты - жөні	Ғылыми дәрежесі, қызметі	Секциясы	Негіздеме
Алпысбаева Гүлмира Егізбайқызы	ҚазҰАЗУ, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, в.ғ.к., профессор.	ОӘБ жұмыс тобы	Қызметтік лауазымы ауысуына байланысты
Бақтымбет Сәуле Серікқызы	ҚазҰАЗУ, Академиялық мәселелер департамент директоры, э.ғ.к.	ОӘБ жұмыс тобы	Академиялық мәселелер департамент директоры лауазымына тағайындалуы
Нургалиева Айман Каллидуллаевна	Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, «Биология және балық шаруашылығы» кафедрасы меңгерушісі, PhD	Балық шаруашылығы секциясы	Университет ұсынысы
Скабаева Гульмира Несипбаевна	ҚазҰАЗУ, «Аграрлық техника және машина жасау» кафедрасы қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к.	Агроинженерия секциясы	Секция мен ОӘБ-ін педагогика саласындағы тәжірибелі маманмен нығайту

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК ОӘБ-ЖБТ 2025 – 2026 оқу жылы құрамына өзгерістер енгізуге келісетін болсаңыздар дауысқа салайық.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Ветеринария» кадрларды даярлау бағыттары бойынша РОӘК ОӘБ-ЖБТ 2025 – 2026 оқу жылы құрамына аталған өзгерістер енгізіліп, құрам қайта бекітілсін.

2. Еңбек нарығының талаптарын ескере отырып, білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру және үздіксіз білім беру бағдарламаларын дамыту бойынша ұсынымдарды талқылау.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ академиялық мәселелер жөніндегі проректоры, в.ғ.к. **Алпысбаева Гүлмира Егізбайқызы** Жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламалары мемлекеттік білім беру стандарттарының нормативтік талаптарына ғана емес, сонымен қатар саланың қазіргі қажеттіліктеріне, мамандар даярлау сапасының әлемдік стандарттарына, ауыл шаруашылығы өндірісін дамытудың перспективалық бағыттарына сәйкес болуы керек екендігін айтып және аграрлық саладағы білім беру бағдарламаларының ағымдағы жағдайына талдау жасай отырып, қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы секторындағы білім беру бағдарламаларында келесідей мәселелер туындап жатқандығын атап өтті:

1. Білім беру бағдарламаларының мазмұнының практикалық бағыттылығының жеткіліксіздігі - базалық және бейіндік пәндердің мазмұны бітірушінің нақты болашақ кәсіби қызметіне жеткілікті түрде сәйкес келмейтіндігі;

2. Заманауи технологиялар мен инновациялардан қалып қою - пәндердің мазмұны агроөнеркәсіп кешеніндегі инновациялық өндірістік технологияларды, процестерді автоматтандыруды, ақпараттандыруды және цифрландыруды жеткілікті түрде көрсетпейтіндігі;

3. Профессор - оқытушылар құрамның біліктілігіне қатысты мәселелер - ПОҚ оқытудың инновациялық технологиялары, заманауи педагогикалық тәсілдер (жобалық оқыту, бірлескен оқыту), сондай-ақ аграрлық ғылымның соңғы жетістіктері саласындағы біліктілігін арттыру қажеттілігі;

4. Эксперименттік база және материалдық-техникалық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі - көптеген ЖОО- да толық ауқымды ғылыми-зерттеу және эксперименттік жұмыстарды жүргізу

мүмкіндігінің шектеулігі, заманауи қондырғылар, сынақ алаңдары, тәжірибелік шаруашылықтар жетіспеушілігі;

5. Ауылшаруашылық мамандықтарының тартымдылығының төмендеуі - абитуриенттердің аграрлық сектордағы мансап мүмкіндіктері туралы ақпаратты білуінің жеткіліксіздігі, нәтижесінде студенттер құрамы сапасының өзгеруіне әкелуі.

Сондай – ақ, в.ғ.к. Алпысбаева Гүлмира Егізбайқызы Білім беру бағдарламаларын жаңартудың іргелі тәсілдерін келтіріп, білім беру бағдарламаларын өзектендіру бойынша төмендегі жалпы ұсыныстарды айтып өтті:

1. Білім беру бағдарламаларының мазмұнының практикалық бағыттылығын арттыру: практикалық, зертханалық және өндірістік сабақтар кәсіби құзыреттерді дамытудың негізгі элементтеріне айналатын тәжірибеге бағытталған және құзыреттілікке негізделген оқыту моделін күшейту; Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, шаруа қожалықтары мен агрохолдингтерді тарта отырып, практика, тағылымдама және дуалды оқыту үлесін арттыру; Нақты өндірістік мәселелерді шешуге негізделген жобалық оқытуды енгізу (жағдайлар, өндірістік жобалар, проблемалық тапсырмалар); біліктілік жұмыстары мен экономиканың нақты секторының қажеттіліктері арасындағы тығыз байланысты қамтамасыз ету.

2. Заманауи технологиялар мен инновацияларды ескере отырып мазмұнын жаңарту: ауыл шаруашылығын цифрландыру, нақты егіншілік, дрондарды, IoT датчиктерін және ГИС технологияларын пайдалану, жасанды интеллект элементтерін пайдалану, білім беру бағдарламаларына пәнаралық модульдерді (AgroTech, Smart Farming, Digital Agriculture) енгізу, курс мазмұнын әзірлеуге және қарауға бизнес пен ғылыми зерттеу ұйымдарының өкілдерін тарту жұмыстарын атқара отырып, білім беру бағдарламаларын жүйелі түрде қарастырып отыру.

3. Құзыреттілік пен оқу нәтижелерінің интеграциясын күшейту: кәсіби құзыреттіліктерді дамытудың бірыңғай логикасына негізделген пәндердің тұтас интеграциясын қамтамасыз ету, оқыту нәтижелері, пәндер және кәсіби стандарттар арасындағы сәйкестік матрицасын құру.

4. ПОҚ біліктілігін арттыру: инновациялық педагогикалық технологиялар, сандық білім беру құралдары, ауыл шаруашылығы ғылымы мен технологиясының заманауи жетістіктері, ПОҚ-ның ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында және ғылыми орталықтарда тағылымдамадан өтуін ынталандыру, мамандандырылған пәндерді оқыту үшін сарапшылар мен практиктерді шақыру тәжірибесін дамыту салалары бойынша профессор-оқытушылар құрамының жүйелі біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

5. Эксперименттік базаны және материалдық-техникалық қамтамасыз етуді дамыту: Зертхана жабдықтарын жаңарту үшін мемлекеттік және жеке инвестицияларды және гранттық қаржыландыруды тарту, сандық симуляторлар мен виртуалды зертханаларды нақты эксперименттік базаға қосымша ретінде пайдалануді жүзеге асыру арқылы оқу-тәжірибелік шаруашылықтарды, ауылшаруашылық сынақ полигондарын және дәл егіншілік зертханаларын құру және дамыту.

6. Ауыл шаруашылығы мамандықтарының тартымдылығын арттыру: Аграрлық сектордың заманауи технологияларын көрсете отырып, мектеп оқушылары мен болашақ студенттерге кәсіптік бағдар беруді іске қосу, ауыл шаруашылық кәсіптерінің жоғары технологиялық және перспективалы екендігін көрсете алатын позитивті имиджін құру, жұмыс берушілермен ынтымақтастық, тәлімгерлік бағдарламалары және мақсатты оқыту арқылы студенттердің мансап жолдарын дамыту, аграрлық сектордағы стартап мәдениетінің элементтерін білім беру бағдарламаларына енгізу.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Биологиялық қауіпсіздік» кафедрасының профессоры, в.ғ.к., **Махашов Еділ** «Ветеринария» бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын өзектендіру тақырыбында келесідей баяндама жасады:

Қазақстан Республикасы бойынша «Ветеринария» бағыты бойынша кадрларды 11 жоғары оқу орны даярлайды. «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарының» 20 тармағына сәйкес барлық ЖОО-дар жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді. Дегенмен, 01.03.2023 жылы өткізілген РОӘК ОӘБ мәжілісінде сәйкес бағыттағы ЖОО арасында білім беру бағдарламаларын мейлінше сәйкестендіру керектігі туралы қаулысы қабылданып, жоғары оқу орындарына таратылған болатын.

Бүгінгі күні «Ветеринария» бағыты бойынша кадрлар даярлайтын ЖОО-дар арасында қаулының біршама орындалғанын айтуға болады. Төменде келтірілген 11 ЖОО-ның білім беру

бағдарламаларындағы базалық және кәсіптік пәндердің саны, кредиттері және олардың осы пәндерге бөлінген жалпы кредиттердегі (232 кредит) үлесі көрсетілген.

№	ЖОО	«Ветеринария» бағыты бойынша 2025 жылы реестрдегі БББ	Базалық пәндер және бейіндеуші (профильдік) пәндер циклі							
			Базалық пәндер (БД)			Кәсіптік пәндер (КП)			Барлығы	
			ЖОО компоненті			ЖОО компоненті			Кредит (232 кр.)	%
			Пән саны	Пән кредиті		Пән саны	Пән кредиті			
саны	%	саны		%						
1	ҚазҰАЗУ	Ветеринария	16	97	40,0	12	83	36,0	180	77,0
2	С.Сейфуллин ат.ҚазАТЗУ	Ветеринария	22	81	35,0	13	71	30,0	152	65,0
3	Жәңгір хан ат.БҚАТУ	Ветеринария	12	103	44,0	14	75	32,0	178	76,5
4	М.Әуезов ат. ОҚУ	Ветеринария	14	70	30,0	13	58	25,0	128	55,4
5	С.Торайғыров университеті	Ветеринария	21	114	49,0	9	60	26,0	174	75,6
6	Шәкәрім университеті	Ветеринария	23	106	45,6	11	53	22,8	159	68,4
7	А.Байтұрсынов ат. Қостанай өңірлік университеті	Ветеринария	18	88	38,0	13	63	27,0	151	65,0
8	БҚПУ (Орал қаласы)	Ветеринария	12	98	42,2	4	24	10,3	122	52,5
9	Ш.Мұртаза ат.Халықаралық Тараз инновациялық институты	Ветеринарная медицина	17	81	35,0	11	62	27,0	143	62,0
		Ветеринариялық санитария	Реестрде тіркелген (05.09.2019) және жаңартылған: 20.07.2025							
10	С.Бапшев университеті (Ақтөбе)	Вет. медицина	22	132	56,8	9	54	23	186	80,0
		Ветеринариялық санитария	Реестрде тіркелген (20.08.2019) және жаңартылған: 11.07.2025							
11	ПнЕУ (Павлодар қаласы)	Ветеринариялық санитария	Реестрде тіркелген (04.09.2019) және жаңартылған: 17.05.2025							

Мәлімет 2025 жылы маусым -тамыз айларында енгізілген білім беру бағдарламаларының реестрінен алынды. 2025 жылы «Ветеринария» бағыты бойынша кадрлар даярлайтын барлық 11 ЖОО өз білім беру бағдарламаларын енгізген. Талдауда білім беру бағдарламаларындағы базалық және кәсіптік пәндердің ЖОО компоненттерінің саны, кредиті және осы пәндерге бөлінген жалпы кредиттерінің бағдарламадағы үлесі келтірілген. Жалпы алғанда ҚР АШМ- не қарасты 3 университеттің білім беру бағдарламалары негізінен бір- біріне сәйкес, базалық және кәсіптік пәндердің саны мен оқытылатын кредиттері шамалас, қажетті пәндердің барлығы жоғары оқу орны компоненті ретінде енгізілген. Олар осы аталған пәндерге бөлінген 232 кредиттің 65-77% құрайды.

«Ветеринария» бағыты бойынша кадрлар даярлайтын ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігіне қарасты университеттер (М.Әуезов ат. ОҚУ, С.Торайғыров университеті, Шәкәрім университеті А.Байтұрсынов ат. Қостанай өңірлік университеті) қазіргі таңда білім беру бағдарламаларына ұсынысқа сәйкес өзгерістер енгізіп, талапқа сай мамандар дайындауда.

«Ветеринария» бойынша білім беруді жүзеге асыратын университеттердің келесі тобы – жекеменшік университеттер. Олардың саны – 4 (Баишев университеті, Ш.Мұртаза ат.Халықаралық Тараз инновациялық институты, Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, Инновациялық Евразия университеті). Аталған оқу орындарының білім беру бағдарламаларында кейбір сәйкессіздіктер орын алған:

1. Оқу-әдістемелік бірлестігі -Жобаларды басқару топтары мәжілісінің ұсынысы ескерілмеген. Бұл университеттерде бүгінгі күнге дейін «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы жаңартылып, 2025 жылы реестрге енгізілген (Баишев университеті, Халықаралық Тараз инновациялық институты, Инновациялық Евразия университеті).

2. Базалық және кәсіптік пәндерге тиісті кредиттерді бөлуде сәйкессіздіктер байқалады (Баишев университеті – базалық пән – 132 кр., кәсіптік пән – 54 кр, Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университеті, тиісінше, 98 кр. – 24 кр.)

3. Кейбір ЖОО компоненті пәндеріне таңдау пәндеріне қарағанда аз бөлінген. Мысалы, «Ветеринариялық хирургия» пәніне 6 кредит, ал «Ветеринариялық андрология» таңдау пәніне – 12 кредит бөлінген (Баишев университеті)

4. Кейбір базалық және кәсіптік ЖОО компоненті пәндері өз орындарында емес, араласып кеткен. Мысалы, Баишев университетінде «Ветеринариялық санитариялық сараптау»,

«Инфекциялық және инвазиялық аурулар», «Терапия» деген пәндер базалық пәндер, ал «Ара шаруашылығы» пәні кәсіптік пәндер қатарына енгізілген. **Батыс Қазақстан инновациялық технологиялық университетінің білім беру бағдарламасында «Хирургия» пәнінің барлығы базалық пәндердің таңдау компонентіне енген. «Паразитология», «Эпизоотология» пәндері базалық пәндер болып кеткен.**

Осы талдаудың және «С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ ресми хатпен РОӘК ОӘБ – не жолданған ұсынысын негізге алып, «Ветеринария» бағыты бойынша ЖОО арасында білім беру бағдарламаларын мейлінше сәйкестендіру мақсатында БП және КП циклінде оқытылатын міндетті компоненттерге жататын пәндердің тізімін бекітіп, біріздендіру керектігі туралы қаулысын қабылдауды ұсынамыз.

«С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ, «Жануарлар туралы ғылым және ветеринария» институтының профессоры, а.ш.ғ.к. **Кажғалиев Нурлыбай Жигербаевич** сөз алып, аталған мәселелер маңыздылығын айтты. Профессор соңғы үш жылда білім беру бағдарламаларына сарапшы болып келетіндігін айта отырып, қазіргі таңда «Мал шаруашылығы» даярлау бағыты бойынша мамандарды Республикамыздың 9 ЖОО дайындайтындығын жеткізіп, әр ЖОО білім беру бағдарламасын сараптау барысында пәндердің семестрінің, олардың кредит санының бір-біріне сәйкес келмейтіндігін анықтағандығын атап, нәтижесінде осы себептен білім алушылардың академиялық ұтқырлықпен білім алмасуына үлкен кедергі келтіретіндігін айқындай отырып, білім беру бағдарламаларын бір жүйеге келтіріп, бірізділігін қамтамасыз етудің маңыздылығын айтты. Сондай-ақ, профессор Кажғалиев Нурлыбай Жигербаевич әрбір ЖОО -ның білім беру бағдарламалары басшылары бір-бірімен тығыз байланыста болып, қарым - қатынасты нығайта отырып, ҚР білікті мамандарды даярлау үшін біріге білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұсынды.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, «Орман шаруашылығы және жер ресурстары» факультетінің деканы, профессор, а.ш.ғ.к. **Сәрсекова Дани Нұрғисақызы** өз баяндамасында «В-079 Орман шаруашылығы» білім беру бағдарламалар тобы бойынша мамандарды даярлайтын университеттердің тізімімен, ондағы білім беру бағдарламалар атауымен және бағдарламалардағы базалық және кәсіптік пәндердің керекті санымен таныстырып өтті. Профессор «В079-Орман шаруашылығы» оқу бағыттары бойынша қолданыстағы білім беру бағдарламаларының мазмұнын талдау нәтижесінде келесі мәселелердің анықталғандығын жеткізді:

1. Мамандандырылған және онымен байланысты пәндердің мазмұнында белгілі бір тақырыптардың қайталануы байқалады, ал орман шаруашылығы біліміндегі инновациялық әдістер мен технологиялар жеткіліксіз дамыған.

2. Жасанды интеллект элементтерін біріктіретін курстық жобалар жоқ.

3. Студенттер өндірістік практикадан өтетін базалар тұрмыстық жағдайлармен жеткілікті түрде қамтамасыз етілмеген және практика орнына бару үшін жол ақысын төлеу қарастырылмаған.

4. Жаһандық климаттың өзгеруі және бейімделу шараларын енгізу тұрғысынан ғылыми негіздері бар мамандандырылған пәндер жоқ.

5. Жасына қарамастан, барлығына жоғары сапалы білім алуға мүмкіндік беретін сертификаттар берілетін «Күміс университеті» бағдарламасы бойынша оқу курстары қарастырылмайды.

6. Орман шаруашылығы мамандарын жасыл кеңістікті түгендеу және дендроплан жасау бойынша аттестациялау және тиісті сертификаттар берілумен жүзеге асатын біліктілікті арттыру курстары жоқ.

7. Ландшафттық дизайн, көгалдандыру және жеке нысандарды абаттандыру бойынша қызметтерді келісімшарт негізінде көрсету қарастырылмаған.

Профессор Сәрсекова Дани Нұрғисақызы аталған мәселелерге сәйкес білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту және еңбек нарығының талаптарына сәйкес біліктілікті арттыру бағдарламаларын әзірлеу мақсатында «В079-Орман шаруашылығы» оқу бағыттары бойынша келесі ұсыныстарды келтірді:

1. Жеке тақырыптардың қайталануын болдырмау және орман шаруашылығы білімінде инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу мақсатында **кәсіптік және сабақтас пәндердің мазмұнын мұқият тексеру;**

2. **Жасанды интеллект элементтерін енгізу** арқылы курстық жобаларды әзірлеу мүмкіндігін қарастыру;

3. Студенттердің өндірістік практикадан өту базасын кеңейту, **өндірістік практикадан өтетін жерге тұру және жол жүру шығындарын қамтамасыз ету** бойынша жүйелі жұмыс жүргізу;

4. Жаһандық климаттың өзгеруі жағдайында орман шаруашылығы пәндерінің ғылыми негіздерін нығайту және бейімделу шараларын жүзеге асыру мақсатында «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар» бағыты бойынша **«Орман экожүйелері» атты жаңа пәнге** негіздеме дайындау;

5. «Күміс университет» бағдарламасы аясында жасына қарамастан барлығына жоғары сапалы білім алу мүмкіндігін қамтамасыз ететін сертификаттар берумен **«Гүл өсіру» және «Ландшафтық дизайн» негіздері бойынша курстарды ұйымдастыру;**

6. **Жасыл аумақтарды түгендеу және дендропландарды әзірлеу** саласындағы әртүрлі сала мамандарының біліктілігін арттыру курстарын аттестаттау және тиісті сертификаттар беру арқылы ұйымдастыру;

7. Ландшафтық дизайн, көгалдандыру, жеке нысандарды көріктендіру бойынша келісім-шарт негізінде **«Жас орманшылар мен ландшафтшылар мектебін» құру** арқылы қызмет көрсету.

Сондай – ақ, профессор Сәрсекова Дани Нұргисақызы өз баяндамасын қорытындылай отырып, төмендегі түйіндемені жасады:

Еліміздің тоғыз жоғары оқу орнында бірінші және екінші курстарда оқытылатын базалық және бейіндік пәндерді мүмкіндігінше бірізді жасай отырып, Қазақстанда орман шаруашылығы мамандарын даярлауды бірыңғай тәсілмен дайындау орынды болар еді. Нәтижесінде бағдарлама мазмұны мен оқытылатын пәндер көлеміндегі айырмашылықтар минималды болады, бұл орман шаруашылығы саласы үшін кадрларды даярлаудың сапасы мен тиімділігін арттырады.

Бірқатар жоғары оқу орындарында дендрология, ормантану, орман шаруашылығы, орман тұқым шаруашылығы, орман питомнигі және орман биометриясы сияқты базалық пәндер университет компонентінің элективті компоненттеріне енгізілген. Дегенмен, бұл пәндер болашақ орман шаруашылығы мамандарының іргелі кәсіби құзыреттілігін қалыптастырады және кейінгі мамандандырылған және қолданбалы курстарды игеруге негіз болады. Бұл пәндерді элективті пәндерге жатқызу фрагменттік оқытуға, базалық білім деңгейінің төмендеуіне, білім беру бағдарламалары мен салалық талаптар мен кәсіби стандарттар арасындағы сәйкессіздікке әкелуі мүмкін. Сонымен қатар, университеттер арасындағы базалық пәндердің күйі мен мазмұнының айырмашылығы студенттердің академиялық ұтқырлығын және университеттер арасында ауысуын қиындатады, оқу жоспарларының айырмашылығын арттырады.

Осыған байланысты аталған пәндерді базалық пәндер, ЖОО компоненті сататусына біріктіру орынды. Бұл біртұтас білім беру ортасын, оқу жоспарларының салыстырмалылығын, негізгі кәсіби құзыреттердің тұрақты дамуын қамтамасыз етеді, Қазақстан Республикасында орман шаруашылығы мамандарын даярлау сапасын арттырады.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, «Орман шаруашылығы және жер ресурстары» факультетінің деканы, профессор, а-ш.ғ.к. Сәрсекова Дани Нұргисақызы жоғарыдағы баяндамасынан аяқтағаннан кейін білім беру бағдарламаларының мазмұнын өзектендіру мәселесі бойынша «Жәңгір хан атындағы БҚАТУ» КеАҚ -ның төменде келтірген ұсынысын оқып шықты:

1. Оқытудың практикаға бағытталған бағытын келесі жолдармен күшейту:

- орман шаруашылығы саласындағы студенттер арасында кәсібилікті арттыруға, тәжірибе алмасуға және мамандықты танымал етуге бағытталған жарыстар ұйымдастыру.

2. Пәндер тізімін келесіге баса назар аудара отырып жаңарту:

- орман ресурстарын тұрақты басқару;
- орман саясаты және заңнамасы;
- ормандардың көміртегі балансын бағалау;
- ормандардың климаттық өзгеруіне бейімделуі.

3. Орман шаруашылығы мамандары үшін қысқа мерзімді біліктілікті арттыру курстарын әзірлеу:

- орманды қалпына келтірудің заманауи әдістері;
- орман зиянкестері мен ауруларын бақылау;
- ағаш кесу алаңдарын бөлу және таксациялау

4. Ынтымақтастықты кеңейту:

- Орман шаруашылығы мекемелері;
- Қоршаған ортаны қорғау ұйымдары;

5. Инновацияларды сәтті енгізу үшін ұсынылады:

- оқытушылардың цифрлық және әдістемелік құзыреттілігін арттыру.
- мамандандырылған ұйымдар мен ғылыми орталықтарда мұғалімдердің тағылымдамасын ұйымдастыру.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.1 Баяндамашылардың ақпараты назарға алынсын

1.2 Аталған ұсыныстар хаттамада көрсетіліп «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесіне қарайтын ЖОО-на ресми хатпен жолдансын.

3. Оқытудағы инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу бойынша ұсынымдар.

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КЕАҚ «Аграрлық техника және машина жасау» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, п.ғ.к. **Гүлмира Несіпбайқызы Скабаева** «Білім беру жүйесінде инновациялық оқыту технологияларын қолдану» тақырыбында баяндама жасап, білім беру жүйесі технологияға, әлеуметтік-экономикалық факторларға және қоғамдық қажеттіліктерге байланысты үнемі өзгеріп отыратындығын, инновация білім беру процесінің сапасын жақсартудың негізгі элементіне айналып жатқандығын атап өтті. Баяндама барысында Гүлмира Несіпбайқызы Скабаева заман талабына сай білікті қызметкерлердің жеткіліксіздігін, Жоғары оқу орындарында оқытудың ескірген тәсілдерінің қолданатындығын, жаңадан қызметте жолын бастаған оқытушылардың тәжірибесінің жетіспеушілігін атап, аталған мәселелерді шешуде келесі оқытудағы инновациялық әдістер мен технологияларды енгізу бойынша ұсынымдар жасады:

1. Білім беру саласында жасанды интеллектті қолдану: жекелендірілген оқу платформалары (Sora, Klingai, Gemini), деректерді талдау негізінде бейімдеуіш оқу материалдарын жасау, білім алушылардың білімін талдау және жіктеу.

2. LXP (Learning Experience Platform) жүйелерін қолдану. LXP білім алуудағы навигатор. Ол білім алушының мақсаттарына, қызығушылықтарына және деңгейіне бейімделіп, икемді әрі саналы түрде оқуға көмектеседі;

3. Виртуалдық шындық (VR) және кеңейтілген шындық (AR) көмегін қолдану: Студенттер нақты жобалар бойынша топтарда жұмыс істеу арқылы білім алады, теория мен практиканың байланысы.

Сонымен қатар, Гүлмира Несіпбайқызы Скабаева Интерактивті оқу іс-әрекеттері үшін қолданылатын платформалардың мысалдары келтіріп өтті: Wordle - Белсенді еске түсіру әдісі, Fillword – Білім алушылар сөздерді тауып, белгілеуі қажетті интеллектуалды жұмбақ, Kahoot – интеллектуалды викториналар мен жауап алу платформасы, Дэвид Колбаның оқыту әдісі, т.б.

Халел Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің «Биология және балық шаруашылығы» кафедрасы меңгерушісі, PhD **Нұрғалиева Айман Қаллидуллақызы** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2020 жылы «Жаңа жағдайдағы қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты халыққа арнаған жолдауында балық шаруашылығына ерекше мән беру керектігі аталғандығын айтып, Балық шаруашылығы даярлау бағытындағы білім алушылардың практикалық дағдыларын, сыни ойлау қабілетін және еңбек нарығына бейімделу деңгейін арттыру мақсатында оқытуда инновациялық әдістер мен технологияларды жүйелі түрде енгізу маңыздылығын атап өтті. Нұрғалиева Айман Қаллидуллақызы Балық шаруашылығы бағытында дәстүрлі оқытудағы қиындықтарға тоқталып келесі мәселелерді атады: Практикалық дағдылардың шектеулігі - Заманауи зертханалар мен жабдықтардың жетіспеушілігі студенттердің практикалық дағдыларын дамытуға кедергі келтіретіндігі, білім алушылардың төмен мотивациясы - ескірген әдістемелерді қолдану студенттердің оқуға деген ынтасын төмендететіндігі, жаңа құзыреттер қажеттілігі - саланың қарқынды дамуы жаңа құзыреттерді және цифрлық дағдыларды меңгеруді талап ететіндігі, олардың дәстүрлі оқытуда қамтылмайтындығы.

Сондай – ақ Нұрғалиева Айман Қаллидуллақызы аталған мәселелерді шешуде Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті «Биология және балық шаруашылығы кафедрасы» төмендегідей ұсыныстарын жолдайтындығын жеткізді:

1. Интерактивті платформаларды қолдану - цифрлық оқыту платформасын қолдану LMS (Moodle) жүйелері арқылы онлайн курстар мен аралас оқыту. Бұл интерактивті оқыту платформасы жоғары тиімді ұйымдастыру құралы ретінде қолданыла алады.

2. Геймификация элементтерін қолдану - Оқу мотивациясын арттыру үшін: -баллдық жүйе, рейтингтер және симуляциялық ойындарды пайдалану; балық шаруашылығын басқаруға арналған оқу ойындарын енгізу; геймификация білім алушылардың белсенділігін арттырып, оқу үдерісін қызықты әрі нәтижелі етеді.

3. Практикалық бағытталған жобалар - Нақты кәсіпорындармен және ғылыми орталықтармен бірлескен практикалық жобалар арқылы студенттердің дағдыларын дамыту.

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

1.1 Баяндамашылардың ақпараты назарға алынсын

1.2 Аталған ұсыныстар хаттамада көрсетіліп «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ жанындағы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесіне қарайтын ЖОО-на ресми хатпен жолдансын.

4. РОӘК ОӘБ грифін алуға оқулықтар мен оқу құралдарын ұсыну туралы

ТЫНДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ -не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу құралын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы **А.Кулмахамбетова** төмендегідей ақпарат берді: «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, «Политехникалық» институты доценті, PhD Максут Кажиахметович Дусенов авторлығымен дайындалған «Исследование и проектирование механических передач по теоретической и прикладной механике» атты «6В087 - Агроинженерия» және «6В071 – Инженерия және инженерлік іс» дайындау бағыттарының білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларына арналған, орыс тілінде дайындалған, көлемі 6,1 б.т., антиплагиат көрсеткіші бойынша түпнұсқалық 96,12% ие оқу құралына берілген эксперттік оң пікірмен таныстырып, РОӘК ОӘБ грифін беру арқылы баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, «Политехникалық» институты доценті, PhD Максут Кажиахметович Дусенов авторлығымен дайындалған «Исследование и проектирование механических передач по теоретической и прикладной механике» атты оқу құралы «6В087 - Агроинженерия» және «6В071 – Инженерия және инженерлік іс» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе) жоғары орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқу құралы ретінде пайдалануға ұсынылады.

ТЫНДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ -не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу құралын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы **А.Кулмахамбетова** төмендегідей ақпарат берді: «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, «Индустриалды-технологиялық» институты доценті м.а., а-ш.ғ.к. Гали Саттибаевич Ожанов авторлығымен дайындалған «Агроорманмелиорациясы» атты «6В083 - Орман шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларына арналған, қазақ тілінде дайындалған, көлемі 7,5 б.т., антиплагиат көрсеткіші бойынша түпнұсқалық 98,57% ие оқу құралына берілген эксперттік оң пікірмен таныстырып, РОӘК ОӘБ грифін беру арқылы баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті» КеАҚ, «Индустриалды-технологиялық» институты доценті, а-ш.ғ.к. Гали Саттибаевич Ожанов авторлығымен дайындалған «Агроорманмелиорациясы» атты оқу құралы «6В083-Орман шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе)

жоғары орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқу құралы ретінде пайдалануға ұсынылады.

ТЫҢДАЛДЫ:

РОӘК ОӘБ -не сараптауға түскен ОӘБ-ЖБТ шешімімен оқу құралын баспадан шығаруға ұсыну туралы оқу-әдістемелік бірлестігі хатшысы **А.Кулмахамбетова** төмендегідей ақпарат берді: «Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, «Орман ресурстары, аңшылықтану және аквакультура» кафедрасы профессоры, а-ш.ғ.д., Кентбаев Ержан Жунусович авторлығымен дайындалған «Methodology of scientific researches» атты «8D083 - Орман шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты білім беру бағдарламалары бойынша оқитын білім алушыларына арналған, ағылшын тілінде дайындалған, көлемі 16,75 б.т., антиплагиат көрсеткіші бойынша түпнұсқалылық 97,99% ие оқулығына берілген эксперттік оң пікірмен таныстырып, РОӘК ОӘБ грифін беру арқылы баспадан шығаруға ұсынатындығы туралы атап айтты.

РОӘК ОӘБ ЖБТ мүшелері бірауыздан қолдады

ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАНДЫ:

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті» КеАҚ, «Орман ресурстары, аңшылықтану және аквакультура» кафедрасы профессоры, а-ш.ғ.д., Кентбаев Ержан Жунусович авторлығымен дайындалған «Methodology of scientific researches» атты оқулығы «8D083 - Орман шаруашылығы» кадрларды даярлау бағыты бойынша Қазақстан Республикасының жоғары (немесе) жоғары орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушылар үшін оқулық ретінде пайдалануға ұсынылады.

ОӘБ-ЖБТ хатшысы

РОӘК ОӘБ төрағасының орынбасары
Басқарма Төрағасы – Ректордың
Бірінші орынбасары

А.Кулмахамбетова

П.Ибрагимов.

